

+

К.А.Сагадиев

**ҚЫРҒЫН СОҒЫС ЖҮРІП ЖАТҚАНДА
ИНСТИТУТ АШҚАН ЕЛ ЕДІК-АУ**

/Заман Қазақстан 16 көкек 1999 жыл/

АЛМАТЫ 1999

Қырғын соғыс жүріп жатқанда институт ашқан ел едік-ау

Қазақстан Мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры, академик Кенжеғали Әбенұлы САҒАДИЕВпен сұхбат.

- Аға, сіз оқыған мектепте мен де оқыдым. Сіз дәріс алған Айтан, Кенжеғали, Мейрам ағайлардан мен де дәріс алдым. Ең тамашасы Сізді, Шайсұлтан Шаяхметов ағайды үнемі үлгі етуші еді сол кісілер. Сіздерден мықты ғылымдар шығатынына сенетін. Ұстаздарымыздың көріпкелдей болжамдары дұрыс шықты. Сіз Ұлттық Ғылым Академиясының Президенті болдыңыз, Шайсұлтан ағай білім министрі тағында отырғанының куәсі болдық. Қызмет-қолдың кірі, ал ғылым - өмірдің нәрі. Сіз өмірдің нәрін татудасыз, қолдың кірін де көріп жүрсіз. Марк айтқандай, ғылымда даңғыл жол жоқ. Бұл жолда талантқа қоса қайтпас қайсар мінез де керек. Сондықтан ғылымға арналған қиын жолыңыздан оқырманды қысқаша хабардар етсек деп едім.

Мен Сізге тек қана белгілі ғалым, университет ректоры деп емес, солармен бірге тартатын сияқты Қазақстан Ғылым Академиясының соңғы Президенті ретінде де сауал қояйын деп отырмын. Ең бірінші, Сіз Қазақстан ғылымының бұрынғысы жайлы айтсаңыз. Мұны ел ғылымы дамуының әр кезеңдеріне жай ғана шолу деп ойлаңыз.

- Қай елдің ғылымы қашан, қалай дамығанын әлі ешкім кесіп айтқан жоқ, айта да алмайды. Бір кездерде кытай, үнді ғылымы дамыса, бір шақта араб алға шықты. Енді бірде рим, грек ғылымы тарих сахнасына келді. Бұл туралы көп сөз айту керек. Дегенмен, қай кезде де халық, мемлекет ғылым арқылы дамып отырған. Осы орайда Ақанның бір ойы еске түседі. Ол кісі: «Халқы білім-ғылымсыз елдің бар байлығы басқа елге кетеді», - деген екен. Гегель, Маркстердің ғылыми пікірлеріне өзіндік көзқарасын айта білген ғұламаны лингвист деп жүрсіндер ғой, бұл ол кісіге азық етеді, ғылыми ойлары - коғам дамуының біраз саласын қамтыған ғұлама қандай тамаша өсиет қалдырған!

Мен арғы жақты қозғамай-ақ қояйын. Сол Ақаннан бергі заманда қаншама ілгері бастық. Сахнаға жарқырап Қанекісі (Сәтбаевты айтамын) шықты. Сол кесілердің заманы шын мәнінде қазақ ғылымы қарыштап алға басқан заман еді ғой. Соғыс басталып, Кеңес Одағындағы батыс республикалар ғалымдары эвакуацияланып бізге келді. Бұл Қазақстан ғылымы ойына үлкен қозғау салған кезең болды. Соның бір айғағы қырғын соғыс жүріп жатқанда институт ашқан ел едік-ау. Бұл 1944 жыл болатын - геология институты сол кезде ашылған. Соғыс бітті. Қиралп қалған экономика әлі түзелген жоқ. Сөйте тұра 1946 жылы Қазақстан Ғылым Академиясы ашылды. Бұл дамуға талпынған елге ғылым керектігін түсінгендіктің белгісі.

Міне, менің алдымда Қанекенің әр кезде, әркімге жазған хаттары, басылған кітабы жатыр. Содан бір мысал айтайын, КСРО Ғылым Академиясының академиясы арнап соғыс зардаптарын емдей жатқан кездің өзінде Мәскеуде үлкен коттеждер салынған ғой. Ал Қанекенің КСРО Ғылым Академиясының академигі. Ол кісіге де арнап салынған коттеждер Мәскеуде тұр. Бірақ өзі - Алматыда. Үйі екі бөлмелі және онда он екі жан тұрып жатса керек. Ғылыми жұмыспен айналысуға мүмкіндік жоқ. Соны айтып сол кездегі басшыларына хат жазған ғой. Шын мәнінде Мәскеудегі коттеждің қажеті қанша, Алматыда жағдай болмаса. Мұны мен жай сөз арасында айтып отырмын, дегенмен, іле-шала Қанекені жағдай жасалады. Ал Қанекені бастаған ғалымдар небір кереметті жасады ғой.

Енді одан бері келсек, тағы да айтарым ғылым дамыды. Анау-мынау деңгей, дегенмен, Коммунистік партия мен үкімет ғылымға ерекше көңіл бөлді. Қазақстанның ғылымы Кеңес Өкіметі тұсында қасырлар бойы жүрсе, жетпейтін жолдан өтті. Қазақстанда ғылымның қай саласы да дамыды. Өткенге ой жүгіртсек, айтар осы. Ғылыми дәрежесі, мүмкіндігі жағынан

Қазақстан батыс, шығыс елдерінің біразынан жоғары тұр.

- Сөзіңізді бөлгенім үшін кешірсіз, сіздің бұл пікіріңізді жақында ғана Америка ғалымы, профессор Осакадан естіген едім. Дегенмен, сол ойды батыл қайталауыңыз көңілге қуаныш әкелді. Енді сізге мынадай сұрақ қояйын. Қазір сондай дәрежедегі елімізден



К. А. САҒАДИЕВ

ғалымдар кетіп жатыр, бұл жұттың ең үлкені елді жұрт. Әрине, ғалымдардың енді тастауы кімді де болса, толғантуға тиіс. Мен бір ғана мысал келтірейін. Америка, Канада, Жапония сияқты елдер басқа елдердің ақыл-ой иелерін пайдаланудан миллиардтаған пайда табады екен. Осыны мен ғана емес, жоғарыда отырғандар да біледі ғой. Ендеше қазақстандық ақыл-ой иелерінің елімізді тастауына неге жол береміз? Жалпы осындай жағдай орын алып отыр ма? Егер қауесет рас болса, оған тосқауыл неге қоймаймыз?

- Жалпы ғалымдар - ақыл-ой иелері елден кетпеуі керек деген пікір өте орынды, себебі, олар сол елдің баға жетпес байлығы ғой. Әлінде өзін айтып өткендей, көптеген шет ел өзге елдің ғалымдарынан шаш етекпен пайда тауып отырғаны рас. Ал енді біздің елден танымал, талантты ғалымдар келтіп кетіп жатыр дегенге келіспеймін. Тұрарсында елден он шақты-ақ жақсы ғалым кетті. Израильге, Америкаға, Пәкістанға. Олар елдің ғылыми дәрежесін оншалықты ойсыратты деу қате, дегенмен олардан да айырılmazсақ жақсырақ болар еді ғой. Бұл бір.

Екіншіден, халыққа айқынырақ көрініп тұрған бір ақиқатты мойындау парыз, ол - жұмыс істемей тұрған комбинаттардың, зауыт, фабрикалардың, кеніштердің бос қалған инженер-техник қызметкерлерінің кетуі. Олар, әрине, ғалым емес, дегенмен өз істерінің білгір мамандары және басым көпшілігі Қазақстан қаражатына даярланған ел меншігі сияқты мамандар еді. Оны да былай қояйық, өндіріске аса қажетті кадрлар еді ғой. Өндіріс жұмыс істеуі мүмкіндігіне ие болған кезде, оларды қайдан іздеп табамыз? Қысқа мерзім ішінде өндіріс қажетін өтейтіндей мамандар даярлап үлгермесіміз белгілі. Міне бұл жағынан алғанда қынжылға болады. Солай дей тұрсақ та, мені қынжылтатын мәселе ғалымдардың, маман кадрлардың кетуі емес (не үтеңка ұмов), жалпы ел ғылымының дағдарысқа ұшырауы (деградация ұмов).

Өздерің білуге тиіссіндер, академик деген ғылыми атақ иесі бұрын партияның, үкіметтің, жалпы халықтың сыйлығы болатын. Өйткені, бұл атаққа екінің бірі ие болмайтын. Біреулер өмір бойы жете алмайтын ондай атаққа. Ал атаққа ие болғандардың басым көпшілігі ғылым жолына отыз, қырық жылын сарп ететін. Қазір не, ойдан шығарылған ойыншық академиялар толып кетті. Бұрын академик санаулы болса, қазір тас лақтырсақ, академикке тиетіндей дәреже жеттік. Мұны атақты қызғанып айтып отырған жоқпын, ғылыми атақты аяп айтып отырмын. Ғылым, ақыл-ой

дағдарысқа ұшырап, азып, тозуға айналды дегендегі бір айтылым осы.

Екіншісі - қазір ғылымға, ғалымға құрмет қалып барады. Ғылым докторларының жалақысы базарда картоп сатып отырғандардың табысынан кем болып тұрса, осылай демей не дерсің?! Қазір ғалымдардың күнкөрісі қиындап кеткені сонша, кейбірі жақсы пәтерлерін шет елдіктерге жалға беріп, өздері төменқол баспаналарда тұрып жатыр. Ғылыммен мұндай жағдайда айналысуға бола ма?

Үшіншіден, ғылым саласындағылардың жас шамасы үлғайып кетті. Талантты деген жастар ғылымды тастап күнкөріс үшін коммерцияға кетті. Әрине, Жан-досов, Сұханбердин ірі қызметтерде отыр. Мұны құптауға болар, ал ғылымды сатушылыққа айыр-бастағандарға не дерсің? Ренжин десең төмен жалақымен отбасыларын асырай алмайды. Әрине, аспиранттар жоқ емес, бірақ олардың біразы басқа жұмыс таба алмағандықтан осылай істеп отырғандарын естігенде бармағыңды тістейсің. Жастардың ғылымға құштарлығы кеміп кетті. Бұл да ғылымның дағдарысқа ұшырап тұрғанын көрсетеді. Ұрпақтар жалғастығынсыз ғылым бола ма? Кейде енді оншақты жылдан кейін не боламыз деп ойлайсың. Осылай тарта берсек бар және бар болғанда қандай (!) Батыс, шығысында бірдей таңғалдыратын ғылымымыздан мүлде айрыламыз ғой.

- Ал осы ойды жоғары жаққа жеткіздіңіздер ме? Мен жақында бір мәселелермен айналысып жүріп Академияда болдым. Ғылым ордасы

дейтіндей емес, күтімсіздіктен азып-тозған. Академик Серік Қирабаев аядай болмеде төрт-бес адаммен бірге отыр. Бұлай жұмыс істеу мүмкін емес ғой. Жалпы осы Академияның болашағы қандай?

- Біріншіден, жоғарыға Академия жағдайы талай айтылған. Бірақ қаражат жоқ деген сылтаумен мәселе орыннан қозғалар емес. Академияның жаңа Президенті жоғарыға хат дайындап жатқан көрінеді. Онда ғылым ордасын дағдарыстан шығарып, негізгі стратегиялық маңызды ғылыми зерттеу институттары мен оны сақтал қалу жолдары айтылмақ екен. Нәтижесін көре жатармыз.

- Бұл жағы да түсінікті болды. Ал енді студенттер қалай? Білім жағына тоқталсаңыз...

- Жасыратын несі бар, ол да көңіл көншітпейді. Әсіресе, ауылдық жерден келген балалардың білім сапасы төмен. Ол жақта жарық, жылу жоқ болғандықтан білім қайдан сапалы болсын?! Сондықтан ауылға көмектесу де халық білімін ойлаудың негізгі бір буыны екенін айту қажет.

- Аз ғана уақыт ішінде біраз өңгіменің бетін ашқаныңыз үшін рахмет.

- Ғылым жайын ойлағандарыңыз үшін газет редакциясына да рахмет. Ғылым академик үшін емес, ел үшін керек. Біле білсек, жер байлығын сатып дамып кеткен ел жоқ. Дамыған елдер ақыл-ой жетістігін сатып бағады. Халықаралық рынокта саудаға түсетін өнімдердің 80 пайызға жуығы ақыл-ой табыстары екен. Сондықтан да ғылымды дағдарысқа ұшыратпай, оны ғүлдендірудің жолын іздеген жөн. Айттым ғой, оншақты ғалымның кеткені қорқынышты емес, қорқыныштысы мыңдаған ғалымның дүрыс жұмыс істей алмай отырғаны. Осыны айрықша көрсет, жаз. Ғылымы қуаттан ел азды. Сондықтан бар ғылыми мүмкіндікті қастерлей білу керек. Меніңше, экономика ғылымды дамытпайды, керісінше ғылым экономиканы дамытады. Демек, ел экономикасын дүрыс жолға қоямыз десек, ел алдымен ғылымды дамытуға көңіл бөлген жөн. Дамыған ғылым елді алға сүйреп шығары сөзсіз. Ал мұнай, темір, көмір... не керек Қазақстанда бар жер байлығын сыртқа сатып, ғүлденген ел боламыз деу, жұмсартып айтқанда, бос қиял. Бұдан былай өмірдің осы ақиқатын шын мойындап, ғылымымызды азып, тозудан аман алып қалсақ және ғалымдардың бар мүмкіндігін толық пайдаланып жұмыс істеуге жағдай туғызсақ, Қазақстанымыз, сөз жоқ, жерұйыққа айналады. Осыны түсінетін көз жетті ғой деймін.

Өңгімелескен Игілік ЖАНҰЛЫ.